

ШЖҚ КМК «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» қызметкерлері
жиналысының
№1 ХАТТАМАСЫ

"08" қаңтар 2025 ж.

Жиналыс өткізу хаттамасы: "08" қаңтар 2025 ж.

Жиналыс өткен орны: ШЖҚ КМК «Атырау облыстық перинаталдық орталығының» конференц залы.

Жиналысты өткізу нысаны: оффлайн.

Жиналыстың басталуы: 14 сағат 00 минут.

Жиналыстың аяқталуы: 17 сағат 00 минут.

Қызметкерлер саны: 411 адам.

Штаттық: 411 адам, соның ішінде:

Қатысқаны: 348 адам. Жиналыс заңды.

Жиналыс төрағасы - директор К.А.Ермагамбетов

Жиналыс хатшысы - персоналды басқару қызметінің басшысы
Ф.К.Таздарбаева

Күн тәртібінде:

1. «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің этикалық кодексін бекіту
2. Қызметкерлерге этикалық нормаларды түсіндіру
3. Этикалық талаптардың орындалуын бақылау тетіктері

1. Күн тәртібі мәселесі бойынша тыңдалды:

Ермагамбетов К.А.-директор: Орталықта этикалық комиссия құрылды. Комиссия мүшелерімен этикалық кодексі ұсынылды: Нұралина Г.Т., Абеева Г.М., Таздарбаева Ф.К., Закарин Д.Д., Муханбаева Б.О. Этикалық кодекс - бұл медициналық қызметкерлердің кәсіби әдеп нормаларын, пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынас ережелерін, сондай-ақ адалдық, жауапкершілік пен құрметке негізделген мінез-құлық стандарттарын белгілейтін құжат. Комиссия мүшелері этикалық кодекс жобасымен таныстырды.

- Қызметкерлер тарапынан сұрақтар қойылып, талқылау жүргізілді.

Шешім қабылданды:

1. Перинаталдық орталықтың **Этикалық кодексі** бекітілсін.

2. Барлық қызметкерлерге кодекстің мазмұнымен танысып, қол қою арқылы қабылдау тапсырылсын.
3. Этика жөніндегі комплаенс-офицер кодекстің орындалуын тұрақты түрде бақылап отырсын.

Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша дауыс беру:

"қолдағандар" 344 дауыс;

"қарсы болғандар" 0 дауыс;

"қалыс қалды" 4 дауыс.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санаған: Кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Д.Закарин

Жиналыс төрағасы:

К.А.Ермагамбетов

Жиналыс хатшысы:

Ф.К.Таздарбаева

